



Еуропалық Одақтың
қаржыландыруы

ERKINDIK
QANATY
общественный фонд

CABAR

Central Asian Bureau for Analytical Reporting

INSTITUTE FOR
WAR & PEACE REPORTING



ИНСТИТУТ РЕПОРТАЖЕЙ ВОЙНЫ И МИРА

ҚҰҚЫҚТЫҚ ШОЛУ

Қазақстан Республикасындағы
сөз және пікір еркіндігі құқығын
құқықтық реттеу және құқық қолдану
тәжірибесінің ерекшеліктері



Астана, Қазақстан
2023 жыл

«Еркіндік қанаты» ҚҚ және Соғыс пен бейбітшілік репортажы институты
(Institute for War & Peace Reporting)

Авторлар: Швецова Е.А., Реймер Р.Е., Буралкиева Д.Б., Соловьев Е.А.

Мәтін редакторы: Садықова Қ.А.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ШОЛУ

Қазақстан Республикасындағы сөз және пікір еркіндігі құқығын құқықтық реттеу және құқық қолдану тәжірибесінің ерекшеліктері.

Астана, 2023. – 35 стр.

Бұл құқықтық шолуды «Еркіндік қанаты» ҚҚ және IWPR «Цифрлық құқықтарды зерттеу: Қазақстандағы ақпаратқа және пікір еркіндігіне қол жеткізу» зерттеуі аясында дайындаған. Осы шолу шеңберінде қазақстандық және халықаралық заңнамаға талдау жасалды.

Аналитикалық шолу нәтижелері зерттелген саланың ағымдағы жағдайын көрсетеді және шолу авторларының субъектив пікірі мен еркіне тәуелді емес.

«Цифрлық құқықтарды зерттеу: Қазақстандағы ақпаратқа және пікір еркіндігіне қол жеткізу» Еуропалық Одақтың қаржыландыратын «Цензурасыз Қазақстан» жобасы аясында жүргізілді.



Қысқаша түйін	4	●
Қысқартулар тізімі	5	
Кіріспе	7	●
Халықаралық стандарттар	9	●
Халықаралық рейтинг (зерттеулер, рейтингдер, статистика және басқа да өзекті ақпарат)	12	●
Қолданыстағы ұлттық заңнама	16	●
Жаңа заңнама	21	●
Сөз еркіндігі саласындағы қиындықтар	29	●
Ұсыныстар	33	●



Қысқаша түйін

Бұл құжат «Цифрлық құқықтарды зерттеу: Қазақстандағы ақпаратқа және пікір еркіндігіне қол жеткізу» аясында жүргізілген сөз және пікір еркіндігі ахуалына құқықтық шолу ұсынады. Шолу қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінен бастап, қазіргі уақытта ҚР Парламентінде қаралып жатқан «Масс-медиа туралы» заң жобасына дейінгі құқық жүйесінің бірнеше саласын талдаудан тұрады. Бұдан бөлек, шолуда Қазақстан ратификациялаған халықаралық құжаттарды талдау және халықаралық ұйымдардың сөз және баспасөз еркіндігі тәуелсіз рейтингдеріне әсер ететін ратификацияланған құжаттардың орындалуын бағалау кіреді.

Бұл рейтингдерге сәйкес, Қазақстандағы баспасөз «еркін емес». Бұл ретте сөз және баспасөз еркіндігі рейтингдерінде БАҚ жұмысы туралы заңнамадағы жаңа ережелер, сондай-ақ түзетулер қабылданғаннан кейін туындайтын шектеулер ескерілмеген. Осыны ескере отырып, «Масс-медиа туралы» заң жобасының жекелеген баптарына талдау жасалып, контент жасаушылардың (журналистер де, блогерлер де) алдында тұрған қазіргі және ықтимал сын-қатерлері ұсынылды. Сонымен қатар зерттеуде ҚР-да цензураның және өзін цензуралау деңгейіне, сондай-ақ журналистерді қудалаудың цензураға ықпал етуіне талдау жасалған.

Ақпаратқа қол жеткізу құқығы және онлайн пікір еркіндігі призмасы арқылы Интернетке құқық сияқты цифрлық құқықтар саласындағы бұзушылықтар мен қауіптерге ерекше назар аударылады.

БАҚ қызметкерлерін, сондай-ақ тәуелсіз блогерлер мен белсенділерді қудалау туралы барлық ағымдағы жағдайды ескере отырып, шолу авторлары Қазақстандағы сөз және баспасөз еркіндігі жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірледі.

«Цифрлық құқықтарды зерттеу: Қазақстандағы ақпаратқа және пікір еркіндігіне қол жеткізу» құқықтық шолу мақсаты – БАҚ мамандары мен контент жасаушылардың алдында тұрған қазіргі және ықтимал сын-қатерлерді анықтау, сондай-ақ заң шығаруда қолдануға болатын және Қазақстан Республикасындағы баспасөз және пікір еркіндігін қорғауда қолданатын құралдардың ұсынысын әзірлеу.

Қысқартулар тізімі



ҚР ӘҚБТК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
ҚР СК	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық Кодексі
ҚР КК	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі
ҚР ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі
ҚР АК	Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі
ҚР АІЖК	Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі
АСҚПК	Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт
Факультатив хаттама	Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге факультатив хаттама
№ 34 жалпы түсініктеме	Комитет 2011 жылы 11-29 шілде аралығындағы 102-ші сессияда (жүз екінші сессия) қабылдаған № 34 жалпы түсініктеме.
Комитет	Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті
«БАҚ туралы» заң	«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң
«Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң	«Онлайн платформалар туралы» Заң
Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» заңы	«Байланыс туралы» заң
«Дербес деректер туралы» заң	Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңы

**Қазақстан
Республикасының
«Қазақстан
Республикасында
бейбіт
жиналыстарды
ұйымдастыру
және өткізу тәртібі
туралы» заңы**

«Бейбіт жиналыстар туралы» заң

ҚР ӘМ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

АЕК

Айлық есептік көрсеткіш

ҚР АҚДМ

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

ҚР ОСК

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Бұйрық

“Шетел мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алған және жұмсаған тұлғалар туралы деректер базасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы бұйрығы.



Кіріспе

Сөз және пікір еркіндігі – адамның табиғи және ажырамас құқығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әр азаматының конституциялық құқығы. Сонымен қатар бұл ашықтық пен есеп берушілік қағидаттары басым болатын демократиялық қоғамның маңызды элементі. Басқаша айтқанда, сөз және пікір еркіндігі қағидаттарын қорғау мен насихаттау – демократияландыру деңгейінің және ашық қоғам құруға ұмтылыстың негізгі көрсеткіші. Оның үстіне сөз және пікір еркіндігін ілгерілету билік пен қоғам арасында дер кезінде кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Екінші жағынан, мемлекеттің сөз және пікір еркіндігін жүйелі түрде шектеуі мемлекеттік институттардың ақпаратты жариялау мен тарату саласында монополияға ие болуға және елдегі қоғамдық-саяси процестерге кез келген балама көзқарастардың пайда болуына жол бермеуге ұмтылуын көрсетеді.

Қазақстандағы сөз және пікір еркіндігі ахуалы тұрақты түрде күрделі және оны жақсарту үшін елеулі жүйелі өзгерістер қажет. Конституциялық мәртебесі мен цензураға тыйым салынғанына қарамастан, іс жүзінде сөз және пікір еркіндігін тиісті заңнамамен шектеуге болады. Бұл ретте пікір еркіндігін, әсіресе интернетте пікір білдіруді шектеу (атап айтқанда, жеке аккаунттарды да, интернет-ресурстарды да бұғаттау) прокуратура мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тиісті нұсқауы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Әкімшілік және қылмыстық заңнамада баламалы көзқарас білдіретін журналистер, блогерлер мен азаматтық белсенділерді қудалау үшін қолданылатын баптар бар.

Биліктің доктриналық та, заңнамалық та жаңа бастамаларына назар аудару маңызды.

Осылайша, 2023 жылы наурызда мемлекет басшысының жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы бекітілді. Доктрина «құқықтық» айналымға бірқатар өте қарама-қайшы ұғымдарды енгізеді және жалған ақпараттың таралуының негізгі көзі ретінде әлеуметтік желілердің қауіптілігін көрсетеді.

2023 жылдың 10 қыркүйегінде онлайн-платформалар иелерінің және/немесе заңды иелерінің уәкілетті мемлекеттік органдармен тығыз ынтымақтастығын көздейтін даулы Қазақстан Республикасының «Онлайн-платформалар туралы» заңы күшіне енеді. Атап айтқанда, жалған ақпарат пен сенімсіз контентке қарсы, аккаунттарды бұғаттауға және онлайн-платформаларды пайдаланушылардың жеке деректерін өтініш бойынша уәкілетті органдарға беруге дейін бірлескен «күрес» жүргізу жоспарланып отыр.

Қазір Парламент Мәжілісінде Қазақстан Республикасының «Масс-медиа туралы» заң жобасы қаралып жатыр. Бұл заң жобасы құқық қорғау қауымдастығының теріс реакциясын тудырды, олар тұжырымның анық еместігін, сондай-ақ аккредиттеу негізінде журналистерді бөліп-жару саясаты барын айтады. Аккредиттеуден өтудің де, бұрын алынған аккредитацияларды қайтарып алудың да бірқатар негіздері түсініксіз және белгілі бір дәрежеде алалау тудырады.

Сонымен қатар елде шетелдік агенттер институтын енгізудің заңнамалық базасы дайындалды, ол заң шығарушының қисыны бойынша БАҚ-қа да, онлайн-платформалардың жекелеген пайдаланушылары мен блогерлерге де әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, Қазақстандағы сөз және пікір еркіндігі алаңдатады, ол мемлекет тарапынан жіті назар аударылатын нысанға айналып келеді. Заң шығарушы және басқа да нормативтік-құқықтық қызметтерге сүйенсек, Қазақстан билігі сөз еркіндігіне қатысты ахуалды қосымша реттеп, дәстүрлі БАҚ-ты да, интернет-медианы да ерекше бақылауға алуды ұйғарған.



Халықаралық стандарттар

Сөз және пікір еркіндігі – кез келген еркін әрі демократиялық қоғамның маңызды элементі және адамның ажырамас құқығы.

Қазақстанда сөз және пікір еркіндігін жүзеге асыру әртүрлі заңдық күші бар бірқатар нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Бұл ретте азаматтар сөз бен пікір білдіру еркіндігін жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасы өз еркімен ратификациялаған бірқатар халықаралық шарттардың (Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағында көрсетілген) ережелері қолданылуы мүмкін.

Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының заңымен 2008 жылы 28 қарашада № 91¹ ратификацияланған АСҚПК (Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге) ерекше қызығушылық тудырады. Пактіні ратификациялау арқылы Қазақстан «оның аумағындағы және юрисдикциясындағы барлық тұлғаларға осы Пактіде танылған құқықтарды құрметтейді және қамтамасыз етеді». Басқалармен қатар, мұндай құқықтарға өз пікірін еркін білдіру және ұстану құқығы, сондай-ақ барлық түрдегі ақпаратты іздеу, алу және тарату еркіндігі жатады (АСҚПК 19-бабының 1 және 2-тармақтары)².

АСҚПК 19 бабының 3-тармағында сөз еркіндігі мен ақпаратты пайдалану заңмен шектелуі мүмкін:

- a. а) басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеуге;
- b. б) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіп, халықтың денсаулығы немесе ар-ұятын қорғау.

АСҚПК қатысушы мемлекеттер тек заңнама түрінде ғана емес, сондай-ақ құқық қолдану деңгейінде де дұрыс енгізуі тиіс белгілі бір стандартты белгілейтінін атап өткен жөн.

АСҚПК көрсетілген құқықтар мен бостандықтар БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті арнайы әзірлеген және қабылдаған жалпы түсініктемелер арқылы нақтыланады. Мысалы, АСҚПК-нің 19-бабы Комитет 2011 жылы 11-29 шілде аралығында 102-ші сессиясында қабылдаған № 34 Жалпы түсініктемеде толық нақтыланады.³ Бұл жазбаларда пікір еркіндігін БАҚ арқылы білдіру және ақпаратқа қол жеткізу құқығы туралы ақпарат бар.

1 https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000091_links

2 https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml

3 <https://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2FPPRiCAqhKb7yhsrdB0H115979OVGGB%2BWPAXiks7ivEzdmLQdosDnCG8FaGzYH6OnzWb2RXT7yJopp6wnueK3xDLzPjtsnQ4NnehKxA27tv6yxSEu56OqU0tVD>

Жалпы пікірлер мыналарды көрсетеді:



- саяси, ғылыми, тарихи, ақылақтық немесе діни мәселелерді қоса алғандағы пікір ұстану еркіндігі (АСҚПК-нің 19-бабының 1-тармағында көрсетілген) абсолют болып саналады. Пікір ұстану еркіндігіне егер адам еркін таңдау жасаса кез келген уақытта және кез келген себеппен өз пікірін өзгерту құқығы жатады.
- Адамдарды қандай да бір пікір ұстануға немесе ұстанбауға мәжбүрлеудің барлық түрлеріне тыйым салынады. Пікір білдіру құқығы міндетті түрде пікір білдірмеу еркіндігін қамтиды.
- Ешкім өз пікіріне байланысты қандай да бір алалауға, қудалауға, оның ішінде қылмыстық қудалауға немесе келеңсіз жағдайға ұшырамауы керек.
- АСҚПК-нің 19-бабы 2-тармағында қатысушы мемлекеттер пікір еркіндігі құқығына, оның ішінде мемлекеттік шекараларға қарамастан барлық түрдегі ақпарат пен идеяны іздеу, алу және тарату құқығына кепілдік беруге міндетті екенін белгілейді.
- АСҚПК 19-бабы, 2-тармағы пікір білдірудің және таратудың барлық формаларын қорғайды. Бұл формаларға ауызша және жазба сөз, ишарат тілі, сондай-ақ суреттер мен өнер заттары сынды вербал емес коммуникация кіреді.
- АСҚПК 19-бабы, 2-тармағы пікір білдірудің және таратудың барлық түрлерін қорғайды. Пікір білдіру түрлеріне кітаптар, газеттер, брошюралар, афишалар, баннерлер, киім формалары және заңмен тыйым салынбаған материалдар жатады. Оларға аудиовизуал, электрон және интернет-технологияларға негізделген пікір білдіру құралдарының барлық түрлері жатады.
- Кез келген қоғамдағы цензураға немесе шектеуге ұшырамайтын еркін баспасөз не басқа да ақпарат құралдары – пікір мен сөз еркіндігін қамтамасыз етудің, сондай-ақ АСҚПК-да көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асырудың маңызды элементі.
- Қатысушы мемлекеттер ақпарат құралдарының тәуелсіздігі мен әртүрлілігін ілгерілетуге ерекше назар аударуы керек.

- Қатысушы мемлекеттер бүкіл дүние жүзінде байланыс тәсілін айтарлықтай өзгерткен интернет және мобильді құрылғылар негізіндегі электрон ақпаратты тарату жүйелері сияқты ақпараттық және коммуникациялық технологиялардағы өзгерістер ауқымын ескеруі керек.
- Қатысушы мемлекеттер жаңа медианың (интернет-БАҚ) тәуелсіздігін нығайту және халықтың оларға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қабылдауы қажет.

Жоғарыда айтылғандай, АСҚПК-нің 19-бабының 3-тармағында пікірді еркін білдіруге және ақпаратпен жұмыс істеуге белгілі бір шектеулер енгізу мүмкіндігі қарастырылған. Дегенмен №34 жалпы түсініктеменің 21-тармағында: «Қатысушы мемлекет сөз еркіндігі құқығын жүзеге асыруға шектеулер енгізген жағдайда, бұл шектеулер осы құқықтың принципіне қауіп төндірмеуі керек» делінген.

№34 жалпы түсініктеменің 22-тармағында қандай ерекше жағдайларда шектеулер қабылданыуы мүмкін екендігі көрсетілген. Оларға мына шарттар кіреді:

- шектеулер АСҚПК-нің 19-бабы 3-тармағының а) және б) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша ғана белгіленуі мүмкін;
- шектеулер қатаң түрде заңға негізделуі керек;
- шектеулер қажеттілік пен ұйқастық талаптарына қатаң сәйкес келуі керек.

Осылайша, АСҚПК-нің 19-бабының 3-тармағында көзделгеннен басқа негіздер бойынша белгіленген шектеулерге жол берілмейді. Сонымен қатар шектеулер тек көзделген мақсаттар үшін ғана қойылуы мүмкін. Шектеулер нақты мақсатпен тікелей байланысты және соған сәйкес болуы керек.

Қорытындылай келе, адам құқықтарының кең ауқымын толық пайдаланудың негізінде пікір мен сөз еркіндігі жатқанын атап өткен жөн. Мысалы, сөз еркіндігі жиналыстар мен бірлестіктер бостандығы құқықтарын, сондай-ақ дауыс беру құқығын жүзеге асырудың ажырамас бөлігі (№34 жалпы түсініктеменің 4-тармағы).

28-баптың 1-тармағының негізінде 18 мүшеден тұратын Комитет құрылады. Одан әрі Факультатив хаттаманың 1-бабында былай делінген: «Осы Хаттаманың қатысушысы саналатын Пактіге қатысушы мемлекет Комитеттің Пактіде баяндалған құқығының қатысушы-мемлекет бұзғанын мәлімдеген құрбанның оның юрисдикциясына жататын тұлғалардан хабарламалар қабылдап, қарастыру құзыретін мойындайды».⁴

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 ақпандағы № 130-IV⁵, заңының негізінде Қазақстан Факультативтік хаттаманы ратификациялағанын, яғни 2009 жылдың ақпан айынан бастап қазақстандықтардың АСҚПК-де көрсетілген құқықтарын, оның ішінде рұқсат етілген шарттарды ескере отырып, 19-бапта көзделген құқықтарын қорғау үшін Комитетке өтініш беруге толық құқығы бар екенін атап өткен жөн.

Комитеттің құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстан азаматтарының Комитетке жүгіну үшін жиі қолданатын негіздерінің бірі – АСҚПК-нің 19-бабы. Осылайша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтында 2014 жылдан 2021 жылға дейін Комитет Қазақстан Республикасына қатысты АСҚХП-ның 19-бабына сәйкес 27 шешім мен қорытынды шығарған⁶.

4 https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpro1.shtml

5 https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000130_

6 <https://sud.gov.kz/rus/content/resheniya-komitetov-oon-v-otnoshenii-respubliki-kazahstan>



Халықаралық рейтингдер

Халықаралық ұйымдардың сөз, пікір еркіндігі, және цифрлық құқықтар мен бостандықтар бойынша жүргізген мониторингі мен зерттеулері бірауыздан бұл құқықтар мен бостандықтардың жоқтығын және Қазақстанда орын алып жатқан түрлі бұзушылықтарды көрсетеді.

Бұл зерттеуде Freedom House, Article 19, Reporters Without Borders, Committee to Protect Journalists және International Press Institute сияқты ұйымдардың есептері қарастырылған.

Жыл сайын еркін елдердің рейтингін жасап тұратын халықаралық Freedom House ұйымы 2023 жылы Қазақстанды еркін емес ел деп бағалады⁷. Саяси құқықтар 40 баллдан 5 балл, азаматтық бостандық 60 баллдан 18 балл; жалпы рейтингде Қазақстан 100 елдің ішінен 23-орынға ие болды (рейтингде 1 - ең еркін емес ел, ал 100 - ең еркін ел). Есеп 1990 жылдан бері адам құқықтарының мониторингін қамтиды және оның нәтижелері Қазақстандағы сөз еркіндігінің бұзылуын қалыптасқан саяси жүйемен және қазіргі билікпен байланыстырады.

Ұйымдар атап өткендей, елдегі пікір еркіндігіне нұқсан келтірген маңызды сәт 2019 жылғы президент сайлауы болды, онда сайлау заңнамасының ауқымды және кең көлемде бұзылуы тіркелді. «Парламент және президент сайлаулары еркін де, әділ де емес, оппозиция үнемі маргинализацияға тап болады не түрмеге жабылады. Үстем БАҚ не мемлекеттік, не билікке жақын кәсіпкерлерге тиесілі. Сөз және жиналыс еркіндігі әлі де шектеледі және жазаланады, сыбайлас жемқорлық кең тараған», - деп қорытындылайды Freedom House.

Сонымен қатар 2022 жылғы қаңтардағы наразылық Қазақстандағы пікір еркіндігіне қатты кері әсер етті, онда интернетті бұғаттап, наразылыққа қатысқан азаматтарды заңсыз ұстады.

Freedom House баяндамасының «Саяси құқықтар» мен «Азаматтық бостандықтар» санаттары бойынша рейтингі төменде талқыланатын бірқатар көрсеткіштерге негізделген. Екі санаттың әр бөлімінде Қазақстанға берілген ұпай саны көрсетіледі.

Саяси құқықтар

Сайлау процесі:

- Қазіргі үкімет немесе басқа да негізгі ұлттық билік органының басшысы еркін және әділ сайлау арқылы сайланды ма? – **0/4**
- Елдің заң шығарушы тармағының қазіргі өкілдері еркін де әділ сайлау нәтижесінде сайланды ма? – **0/4**
- Сайлау заңдары мен нормалары әділетті ме және оларды тиісті сайлау органдары бейтарап орындай ма? – **1/4**

Саяси плюрализм және қатысу:

- Халықтың өз таңдауы бойынша әртүрлі саяси партияларға немесе басқа да бәсекелес саяси топтарға бірігуге құқығы бар ма және жүйе осы бәсекелес партиялардың немесе топтардың құрылуына және құлдырауына жол бермейтін кедергілерден ада ма? – **1/4**

⁷ <https://freedomhouse.org/countries/freedom-world/scores>

- Оппозицияның сайлау нәтижесінде қолдауын арттыруға немесе билікке қол жеткізуіне нақты мүмкіндік бар ма? – **0/4**
- Халықтың саяси таңдауы саяси салаға қатысы жоқ күштердің үстемдігінен немесе сыртқы саяси құралдарды пайдаланатын саяси күштерден азат па? – **1/4**
- Халықтың әртүрлі топтарының (соның ішінде этникалық, нәсілдік, діни, гендерлік, ЛГБТ+ және басқа да топтар) толық саяси құқықтары мен дауыс беру мүмкіндіктері бар ма? – **1/4**

Үкіметтің қызметі:

- Мемлекет саясатын әділ сайланған үкімет басшысы мен елдің заң шығарушы тармағының өкілдері белгілей ме? – **0/4**
- Мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу кепілдіктері берік және тиімді ме? – **1/4**
- Үкімет ашық әрі айқын әрекет ете ме? – **0/4**

Азаматтық бостандықтар

Бұл бөлімде осы зерттеудің негізгі нысаны – пікір еркіндігін қарастырамыз, сондықтан төменде Freedom House есебіндегі көрсеткіштерді ұсынып қана қоймай, сонымен қатар ұйымның Қазақстандағы азаматтық бостандықтардың сақталуына қатысты толық түсініктемелерін келтіреміз.

Сөз және дін еркіндігі:

- Еркін және тәуелсіз БАҚ бар ма? – **0/4**

Freedom House ұйымы БАҚ пен журналистердің қудалануындағы аянышты жағдайды атап өтеді: «Қазақстанда БАҚ тәуелсіздігі өте шектеулі. Конституцияда баспасөз еркіндігі қарастырылғанымен, бұқаралық ақпарат құралдарының көбін мемлекет немесе билікке жақын иелері бақылайды. Тәуелсіз басылымдар мен журналистер үнемі қамалады не қудаланады, өзін цензуралау жиі кездеседі. 2020 жылы жала жабу үшін қылмыстық жауапкершілік алынды, бірақ жала жабу қылмыстық іс болып қала береді, ал Қылмыстық кодекс президентті және басқа да лауазымды тұлғаларды қорлауға тыйым салады».

Ұйымның бағасына 2022 жылдың қаңтарындағы жаппай бұғаттаулар мен шатдаун әсер етті.

- Адамдар қоғамдық және жеке мақсатта діни сенімін немесе сенбейтіндігін еркін ұстанып, көрсете ала ма? – **1/4**
- Академиялық еркіндік бар ма, білім беру жүйесі кең таралған саяси ағымдардан ада ма? – **2/4**
- Адамдар бақылаудан немесе кек алудан қорықпай, саяси немесе басқа да нәзік тақырыптарға жеке көзқарастарын еркін айта ала ма? – **1/4**

Бұл көрсеткіш әсіресе қазіргі зерттеу үшін маңызды. Қазақстанда өз пікірін еркін білдірудің мүмкін еместігінің бір дәлелі ретінде билік пен саяси режимге қарсы шыққан белсенділерді, журналистерді, азаматтарды саяси қудалау екенін атап өтеміз.

Ассоциатив және ұйымдастыру құқықтары:

- Жиналу еркіндігі бар ма? – **1/4**
- Үкіметтік емес ұйымдарға, атап айтқанда, адам құқықтары мен мемлекеттік басқаруға қатысты қызметпен айналысатындарында еркіндік бар ма? – **1/4**
- Кәсіподақтар мен соған ұқсас кәсіптік немесе жұмысшы ұйымдарына еркіндік бар ма? – **0/4**

Заң үстемдігі

- Тәуелсіз сот жүйесі бар ма? – **1/4**
- Азаматтық және қылмыстық істерде құқық тәртібі басым ба? – **1/4**
- Заңсыз физикалық күш қолданудан қорғау және соғыс пен бүліктен бостандық бар ма? – **1/4**
- Заңдар, саясат пен тәжірибе халықтың әртүрлі топтарына тең қатынасты қамтамасыз ете ме? – **1/4**

Жеке дербестік және жеке құқықтар:

- Адамдардың жүріп-тұру еркіндігі, оның ішінде тұрғылықты жерін, жұмысын немесе оқуын өзгерту мүмкіндігі бар ма? – **2/4**
- Адамдар мемлекеттік немесе мемлекеттік емес құрылымдардың негізсіз араласуынсыз меншікке иелік ету және жеке кәсіпорындар құру құқығын пайдалана ала ма? – **2/4**

→ Адамдардың жеке әлеуметтік бостандықтары, соның ішінде неке жарын және отбасы санын таңдау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау, сыртқы келбетін бақылау мүмкіндігі бар ма? – 2/4

→ Адамдардың мүмкіндік теңдігі мен экономикалық қанаудан азаттығы бар ма – 2/4

Адам құқықтары мен бостандықтарының бірнеше саласы мониторингін қамтитын Freedom House баяндамасында көрсетілгендей, сөз еркіндігі елдегі демократияның жалпы жағдайына байланысты.

Осы бөлімде есептері талқыланған басқа ұйымдар (мысалы, Reporters Without Borders) өз баяндамаларын тек сөз еркіндігіне бағыттайды және оны журналистер құқықтарының бұзылуы, қудалау және интернетті бұғаттау сияқты көрсеткіштер бойынша бағалайды. Reporters Without Borders ұйымы жыл сайынғы Дүниежүзілік баспасөз еркіндігі индексында өлтірілген немесе саяси қуғын-сүргінге ұшыраған журналистер мен БАҚ қызметкерлерінің саны сияқты көрсеткіштерге сүйене отырып, елдердің рейтингін жасайды.

Қазақстанда 2023 жылдың басынан бері журналистік қызметі үшін екі адам қудалауға ұшыраған: журналист Михаил Козачков 2023 жылдың 18 ақпанында ұсталып, үйқамақта (соңғы мәліметтер бойынша Михаил 3 жылға шартты түрде сотталған). Сондай-ақ «Сарыағаш-информ» газетінің бас редакторы Амангелді Батырбеков әкімшілік қамауға алынған.

2023 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Баспасөз еркіндігі индексында 180 елдің ішінде 134-орынға ие болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 12 сатыға төмен.⁸ «Желі жаңалықтарының сапасы жақсарып жатқанда, қуғын-сүргін жаңарып, тәуелсіз баспасөз сөз еркіндігіне ие жалғыз кеңістік – интернетке бақылау күшейіп жатыр», - деп атап өтті Reporters Without Borders.

Ұйым елдерді «Медиаландшафт», «Саяси контекст», «Құқықтық шеңбер», «Экономикалық контекст», «Әлеуметтік-мәдени контекст», «Қауіпсіздік» санаттары бойынша бағалай отырып, рейтинг жасады.

Қазақстандағы баспасөз еркіндігі саласындағы экономикалық контекстті бағалауға назар аудару маңызды. Бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік қолдау көрсету басылымдардың мемлекеттің күн тәртібін тиімді насихаттап, ресми пропаганданы таратуына тікелей байланысты.

Мемлекеттік субсидиялары жоқ тәуелсіз БАҚ толықтай жарнамаға тәуелді, ол үшін жарнама бағасын төмендетуге ресурстары бар билікшіл БАҚ-пен бәсекеге түседі. Бұл жағдайлар елде тәуелсіз медиа жоқтығын түсіндіреді.

Committee to Protect Journalists сияқты басқа ұйымдар журналистердің, соның ішінде қазақстандық журналистердің құқықтарының бұзылуы жағдайларына назар салады⁹. Ұйымның 2023 жылғы шұғыл есептерінің арасында келесі жағдайлар тіркелді:

2023 жылдың қаңтарында журналистер мен медиа қызметкерлерінің жеке мүлкіне залал келтіру.

«Бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің хабарлауынша, 12 қаңтардан бастап бүкіл Қазақстан бойынша журналистер көлік өрті, пәтерлерге шабуыл мен кеңселердегі бұзақылық әрекеттердің нысанына айналды».

Arbat.Media қазақстандық басылымының Украинадағы соғысты жариялағанына байланысты Ресей соты тарапынан қозғалған сот ісі.

«24 қаңтарда батыстағы Владимир қаласының Ленин аудандық соты қазақстандық Arbat.Media тәуелсіз ақпараттық сайтының Украинадағы соғыс туралы жалған ақпарат жариялағаны үшін 17 ақпандағы сот отырысына шақырды».

Қазақстандық «Мой город» газетінің редакциясы жарылыс туралы қоқан-лоқыға тап болды.

«7 сәуірде солтүстік-батыстағы Орал қаласындағы «Мой город» газеті редакциясына ғимаратта бомба қойылғаны туралы хабарлама келіп түсті».

Қазақстандық журналист Виктор Сутягиннің көлігін өртеу.

«11 мамыр, бейсенбі күні шамамен сағат 2:30-да бейнебақылау камерасынан елдің батысы Атырау қаласында Сутягиннің көлігіне белгісіз біреудің жақындап келе жатқаны байқалады; бірнеше секундтан кейін жазбада шағын жарылыс пен көліктің өртеніп жатқаны көрінеді».

Қазақстандық журналист Амангелді Батырбеков жала жапты деген айыппен 20 тәулікке қамауға алынды.

8 https://rsf.org/en/2023-world-press-freedom-index-journalism-threatened-fake-content-industry?data_type=general&year=2023

9 <https://cpj.org/ru/>

«3 шілдеде Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мамандандырылған әкімшілік соты жергілікті «С-Информ» тәуелсіз газетінің бас редакторы Батырбековты Facebook әлеуметтік желісіндегі 10 наурыздағы жазбасы үшін 20 тәулікке әкімшілік қамауға алу туралы үкім шығарды, ол парламент депутатын жемқорлыққа айыптаған. Жазасын өтеу үшін оны сот залынан шығарды».

Көбіне халықаралық ұйымдар болып жатқан оқиғаларды толық білмейді, өйткені қазақстандық журналистерге шабуыл жасау фактілері хабарланбай жатады. Осылайша, Қазақстандағы сөз және пікір еркіндігі ахуалы туралы жан-жақты түсінік алу үшін бірнеше дереккөзден алынған ақпаратты талдау қажет.

Мысалы, тағы бір International Press Institute халықаралық ұйымы 2023 жылы қазақстандық журналист Динара Егеубаеваға жасалған шабуылға қатысты бір ғана жағдайды қарастырды: ¹⁰ «14 қаңтар, сенбі күні таңертең, полиция анықтағандай, бес кәмелет жасқа толмаған қылмыскер, журналистің көлігін өртеп жіберген. Сондай-ақ күдіктілер көліктің артқы терезесіне кірпіш лақтырған»¹¹.

Бұл ретте сөз және пікір еркіндігінің сақталуына тәуелсіз мониторинг жүргізіп қана қоймай, қазақстандық ұйымдардың қатысуымен толыққанды зерттеулер жүргізетін ұйымдар бар. Осылайша, Article 19 қазақстандық «Құқықтық медиа орталығы» медиа-ұйымымен бірлесіп «Сөз еркіндігі құқығы және «экстремизмді» шектеу» атты бірлескен зерттеу жариялады. Бұл баяндамада Article 19 бен Құқықтық медиа орталық Қазақстандағы «экстремизммен» күресуге бағытталған пікір еркіндігін шектейтін заңнаманың маңызды элементтері мен олардың іс жүзінде қолданылуын қарастырады¹².

¹⁰ <https://ipi.media/kazakhstan-authorities-must-investigate-intimidation-of-journalist-dinara-yegeubayeva/>

¹¹ <https://ipi.media/kazakhstan-authorities-must-investigate-intimidation-of-journalist-dinara-yegeubayeva/>

¹² https://www.article19.org/wp-content/uploads/2021/03/A19_KZ-Extremism-report_Rus.pdf



Қолданыстағы ұлттық заңнама

Бұл бөлімде мына заңдар талданды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы;
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
5. Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңы;
6. Қазақстан Республикасының «Бейбіт жиналыстар туралы» заңы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабының 1-тармағында барлық қазақстандықтардың сөз еркіндігіне, шығармашылыққа, «заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен» ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. «Заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен» деген тіркес мемлекеттік органдарға саяси көзқарастары жариялауға келмейтін азаматтарды ұлттық заңнаманың басқа баптары негізінде қылмыстық жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Белсенділер, блогерлер мен суретшілерді саяси сипаттағы жарияланымдар, мақалалар, суреттер мен бейбіт жиналыстар үшін жауапкершілікке тартады. Оның себебі жалған ақпарат тарату, қоғамдық тәртіпті, бейбіт жиналыстар туралы заңнаманы бұзу және т.б. болады.

Мысалы, 2019 жылдың 21 сәуірінде Алматыда белсенді Әсия Төлесова мен Бейбарыс Толымбеков «Шындықтан қаша алмайсың» деген жазуы бар баннер және #меніңтаңдауымбар хэштегерімен шықты. Белсенділер баннерді жүгіру марфонының бағыты бойынша жаяу жүргіншілер көпірінің жанындағы қоршауға орналастырды. Акция кезінде Төлесова мен Толымбеков және суретші Сүйінбике Сүлейменова ұсталып, оларға «митинг өткізу туралы заңды бұзды» деген айып тағылып, 15 тәулікке қамауға алынды¹³.

Бұл қазақстандықтардың сөз еркіндігі мен ақпарат тарату құқығын жүзеге асырғаны үшін жауапкершілікке тартылған атышулы жағдайлардың бірі ғана. Тәжірибеде біз әкімшілік немесе қылмыстық істердің қаулыларының ешқайсында ақпарат тарату немесе пікір білдіру баптары қолданылмағанын көреміз. Ұлттық заңнамада әр мұндай жағдайда қазақстандықтардың сөз және ақпарат еркіндігі құқықтарын априори шектейтін бап бар. Мұндай әрбір жағдай елдегі саяси ахуал контекстінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстанда жарияланған ақпаратты жою немесе түзету туралы БАҚ-қа, оның ішінде интернет-басылымдарға сұраныс жіберу кең таралған.

¹³ <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-almaty-activists-support-tulesova-tolymbekov/29895948.html>

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында¹⁴ сөз еркіндігіне кепілдік берілгеніне және цензураға тыйым салынғанына қарамастан, билік бұл еркіндікті шектеп, журналистер мен БАҚ арасында өзін цензураға үдететін шаралар қолданады.

Дегенмен «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 1-бабының 18-тармағында цензура «Бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың өтініштері немесе өзге де негіздер бойынша хабарламалар мен материалдарды немесе олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе тыйым салу» деп айтылады. Бұл бапта алдын ала келісу туралы айтылады, бірақ жарияланған материал туралы емес. Жарияланған материалды өзгерту талабымен редакциялауға бола ма және мұндай әрекет цензураға жата ма?

Біздің түсінігімізше, бұл бапқа мынадай түзету керек: «Цензура – ақпараттық процестерге қатысушылардан мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, басқа ұйымдар немесе қаржылық топтардың бұқаралық ақпарат құралдарында таратылатын хабарламалар мен материалдарды немесе олардың бөліктерін түзету, бақылау, шектеу немесе таратуға тыйым салу мақсатында алдын ала немесе өзге де келісімін алу талабы.

Қазақстанда цензураға тыйым салынғанымен, бұл іс жүзінде бар. Цензураны үкімет брифиндерінде журналистердің сұрақтарын елемей, интернет-басылымдардың сайттарын бұғаттау, жазбалар мен басқа да материалдарды жариялауға тыйым салу мысалдарынан байқауға болады.

Қазақстан Республикасындағы сөз еркіндігін шектеу заң үстемдігі қағидаттарына нұқсан келтіреді және өз пікірін еркін білдіруге кедергі жасайды, бұл өз кезегінде азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуін және олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысу мүмкіндігін шектеуге әкеледі.

«Дүниежүзілік баспасөз еркіндігі күнінде (3 мамыр) жарияланатын 180 ел мен аймақтағы журналистиканы бағалайтын 2023 жылғы Дүниежүзілік баспасөз еркіндігі индексіне сәйкес 31 елде жағдай «өте ауыр», 42 елде «қиын». 55 елдегі жағдай «проблемалық» және 52 елде «жақсы» немесе «қанағаттанарлық» деп бағаланған. Басқаша айтқанда, журналистика ортасы он елдің жетеуінде «нашар» және он елдің үшеуінде ғана

қанағаттанарлық», - деп хабарлайды Reporters Without Borders халықаралық ұйымы¹⁵.

Қазақстанда БАҚ қызметі ең алдымен 1999 жылы шілдеде қабылданған «БАҚ туралы»¹⁶ заңмен реттеледі.



Бұл заңға бірқатар түзетулер енгізілген, соңғы рет 2023 жылдың мамырында жаңартылды. 5 және 10-баптарға сәйкес, барлық ақпараттық агенттіктер міндетті түрде тіркелуі керек, сондай-ақ атауы, мекенжайы, таралу аймағы мен жариялану жиілігі өзгерген жағдайда қайта тіркелуі тиіс. Міндетті лицензиялау тәртібі теле, радио және ақпарат агенттіктеріне қолданылады (заңның 4-1-бабы).

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 13-бабында меншік иесінің немесе соттың шешімі бойынша БАҚ өнім өндіру мен таратуды тоқтата тұруға және жабуға міндетті негіздер айқындалған. Үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға рұқсат етіледі. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруға немесе өнімдерін таратуды тоқтата тұрудың негізі ретінде конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғыс, экстремизм немесе терроризмді насихаттау не үндеу, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған материалдарды жариялау әрі тарату, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының шығуын немесе өнімін таратуды тоқтата тұру себептерін белгіленген мерзімде шешпеу жатады (заңның 4-бабы).

Бұқаралық ақпарат құралының шығарылымы немесе өнімінің таралуы тоқтатыла тұрған немесе жабылған жағдайда меншік иесінің немесе соттың шешімі бойынша уәкілетті органға хабарлама жіберіледі. Сондай-ақ шешімді орындамау тіркеу куәлігінің күшін жоюға әкеп соғады (заңның 5-бабы). Бұқаралық ақпарат құралдары интернет-ресурс болса, бұл үш айдан аспайтын мерзімге бірдей немесе қайталанатын атаумен домендік атауды пайдалануға тыйым салады (заңның 7-бабы). Бұқаралық ақпарат құралдары интернет-ресурс болса, БАҚ өнімін таратуды немесе бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды тоқтату туралы сот шешімі домендік атауды тіркеудің күшін жоюға және тіркеуі сот шешімімен жойылған аттас немесе қайталама домендік атауды бір жыл бойы пайдалануға тыйым салуға әкеп соғады.

14 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029&pos=203;-49#pos=203;-49

15 <https://kaztag.kz/ru/news/kazakhstan-okazalsya-na-134-meste-v-reytinge-svobody-pressy-1>

16 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013966&pos=5;-109#pos=5;-109

БАҚ қызметін жабу және тоқтату – шектен тыс араласу. Зорлық әдістерін қолдану, соның ішінде сот шешімімен БАҚ қызметін тоқтату демократиялық қоғамға жат.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң нормаларына сәйкес, БАҚ-тың кей бұзушылықтары Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, олардың жұмысын уақытша тоқтатуы, жариялануын (эфирін) тоқтату немесе тіркеу куәлігінің қолданысы жарамсыз боп қалғаны туралы шешім қабылданғаннан кейін тіркеусіз айыппұл салуға әкеп соғады. Айыппұл мәртебеге қарай өзгереді: лауазымды тұлғаларға – 10 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 20 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – бұқаралық ақпарат құралдары өнімдері тәркіленіп, 300 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. (26-тарау, 451-1-бап)¹⁷.

Бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иесі немесе ұйымдық-құқықтық нысаны, оның атауы, басылым немесе хабар тарату тілі, тарату аумағы, негізгі тақырыптық бағыты мен саны өзгерген жағдайда қайта тіркеу болмаса лауазымды тұлғаларға – 40 АЕК мөлшерінде, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – жарияланымды (эфирді) үш айға дейін тоқтата тұрумен 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған құқық бұзушылық бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруға (эфирге таратуға) тыйым салуға әкеп соғуы мүмкін (ҚР ӘҚБТК-нің 26-тарауы, 451-бабы, 2 және 3-тармақтары).

Жоғарыда аталған заңдар біршама түсініксіз жүйе құрады және құқықтық нормаларды дұрыс қолдануды, соның салдарынан мүдделі тұлғалардың пайдасына шешу мүмкіндігін айтарлықтай қиындатады. Тіпті болмашы техникалық қателіктің өзі БАҚ қызметін тоқтатуға немесе жабуға әкеп соғатыны аландатады.

2023 жылдың 14 маусымында ABAI NEWS Telegram арнасының журналистері Instagram әлеуметтік желісіндегі аккаунттары жазылмандар санын айла-шарғымен көбейтіп алған деген күдікпен бұғатталғанын хабарлады, бірақ бұғаттауға шағымданғаннан кейін журналистер аккаунтқа кіруді қалпына келтіре алды. ABAI NEWS 1-2 күн ішінде Instagram желісіндегі аккаунттың

жазылмандар саны шамамен 2000 адамға артқанын, нәтижесінде Instagram оларды жазылмандарды өтірік көбейткен деп күдіктенгенін атап өтті. ABAI NEWS редакциясы Абай ауданындағы орман өртіне қатысты жағдайды белсенді таратып, әлеуметтік желілердегі және Telegram-каналындағы парақшаларында өзекті жаңалықтарды жариялауды жалғастырды.



«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 5-бабында: «Ақпаратқа қол жеткізу құқығы конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқықтары мен бостандықтарын, денсаулығын және ар-ұятын қорғау үшін қажетті көлемде ғана және тек заңдармен шектелуі мүмкін»¹⁸ делінген. Сол заңның 9-бабының 2-тармағында ақпарат иесінің құқықтары мен міндеттері қарастырылып, ақпарат иесі ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге шынайы және толық ақпарат беруге міндетті екендігі көрсетілген¹⁹.

Сонымен қатар бұл заң ауызша сұрау салуға (ең алдымен байланыс және анықтамалық сипаттағы ақпарат), жазбаша сұрау салуға және электрон құжат түріндегі сұрау салуға (жазбаша сұрау салуға тең) мүмкіндік береді. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның басымдығы болмауына байланысты, іс жүзінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» туралы заңның екі рәсімі араласып жатады.

Журналистер мен қоғам белсенділері сұраныс бойынша ақпарат алуға байланысты бірқатар мәселелерді атап өтеді. Мұндай мәселелерге мыналар жатады:

- Жауап беру мерзімін сақтамау. Заңнамалық деңгейде жеткілікті ұзақ жауап беру мерзімі белгіленгеніне қарамастан (бір реттік 30 күнге дейін ұзарту мүмкіндігімен 15 жұмыс күні), іс жүзінде ақпарат әлдеқайда кеш беріледі;
- Сұраудың мәніне қатысты емес немесе сұраудың бір бөлігі бойынша ғана ақпарат беру.
- Сұранысқа қатысы жоқ «жазылым» жауабын жіберу – ақпаратқа қол жеткізудегі ең жиі кездесетін мәселелердің бірі. Мысалы, «Еркіндік қанаты» ҚҚ және BES.media қоғамдық-саяси іскер басылымының Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына кандидаттардың саяси мүшелігі бойынша сандық құрамын анықтау туралы ақпарат беру туралы сауалына жауап ретінде қажетті ақпараттың

¹⁷ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399&pos=7478;-56#pos=7478;-56&sdoc_params=text%3D%25D1%2581%25D0%25BC%25D0%25B8%26mode%3Dindoc%26topic_id%3D31577399%26spos%3D1%26tSynonym%3D1%26tShort%3D1%26tSuffix%3D1&sdoc_pos=29

¹⁸ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39415981&pos=80;-5#pos=80;-5

¹⁹ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39415981&pos=180;-49#pos=180;-49

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының жалпы веб-сайтына екі сілтеме жіберілді, онда қажет ақпарат болмады.

- «Әкімшілік үнсіздік» немесе сұрауды толығымен елемеу.
- Сұратылған құжаттарды беруден бас тарту.
- Сұралған ақпаратты шектеулі ақпарат ретінде қате жіктеу²⁰.

Ақпараттық сұрау салудың жазбаша түрін жиі қолданатын қазақстандық БАҚ журналистеріне жүргізілген онлайн сауалнама ақпаратқа қол жеткізу құқығының мынадай негізгі бұзушылықтарын да анықтады: сұрауға жауап беру мерзімдерін бұзу (респонденттердің 80%-ға жуығы), сауалдың мәні бойынша жауап бермеу (68% дерлік), тек «ыңғайлы» сұрақтарға жауап беру (60%) және мүлде жауап бермеу (41%)²¹.

«Әділ сөз» сөз еркіндігін қорғау халықаралық қорының мониториң деректері бойынша, 2023 жылғы маусымда журналистердің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасаудың 5 фактісі, шабуылдың 2 жағдайы, қоқан-лоққылардың 6-ы, сондай-ақ БАҚ қызметіне араласу, ақпарат көзін жария ету талабы және басқа да бұзушылықтар тіркелді²².

«Әділ сөз» қорына түскен 39 шағымның 10-ы (48%) ақпарат алу және тарату құқығының бұзылуына байланысты. Айта кетейік, 2022 жылдың маусымымен салыстырғанда тіркелген оқиғалардың саны 1,6 есеге азайған (2022 жылы 32 хабарлама тіркелген).



39 шағымның 48% ақпарат алу және тарату құқығының бұзылуына байланысты.



Сондай-ақ қор 2023 жылдың маусым айында журналистер 15 рет қоғамдық маңызды ақпаратты беруден бас тартуға, шектеулерге және мерзімдерді бұзуға тап болғанын хабарлады. Басқа мәселелерге БАҚ үшін тең құқықтардың бұзылуы, әлеуметтік желідегі аккаунтты бұғаттау, компьютерлік ақпаратқа рұқсатсыз кіру және мәжбүрлі жаздыру жатады.

Сондай-ақ қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот өндірісіндегі жарияланымдарға байланысты журналистер мен редакцияларға **сот және сотқа дейінгі талап-арыздардың 5 фактісі** тіркелген.

Бейбіт жиналыстар

Құқық қорғау қоғамдастығы мен белсенділер қазіргі заңнама бейбіт жиналыстар бостандығын тек ресми түрде қамтамасыз етеді деп есептейді және бейбіт жиындардың хабарлау сипатына алаңдаушылық білдіреді. Біріншіден, қоғамдастық атап өткендей, хабарлама хабардар ету сипатында емес, рұқсат беру сипатында. Екіншіден, Қазақстандағы бейбіт жиналыстар (митиңгілер) туралы хабарламалардың көпшілігін әкімдіктер қабылдамайды.

Билік бейбіт жиындар өткізудің хабардар ету тәртібіне көшкенін жариялағанымен, 2020 жылдың²³ мамыр айында қабылданған қолданыстағы «Бейбіт жиындар туралы» заң аясында белсенділер, құқық қорғаушылар мен журналистер наразылық акциясына шыққанда қудалауға ұшырауы жалғасып келеді.

Мысалы, 1 мамырда Астанада Vlast.kz тілшісі Бейімбет Молдағали митиң өткен жерде ұсталды. Журналист полицияға қызметтік құжатын көрсеткенімен, оны Сарыарқа полиция бөліміне жеткізген. Бөлім қызметкерлері журналистке болған оқиға туралы редакцияға хабарлауға тыйым салып, телефонын тартып алмақ болған. Полиция бөлімінде журналисті суретке түсіріп, саусақ іздерін алған. Жарты сағаттан кейін Молдағалиды ұсталу себебін түсіндірместен босатқан²⁴.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 20-бабына сәйкес журналист бейбіт жиналыстарға, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделері үшін өзге де нысандарына қатысуға және жазба жасауға, оның ішінде аудиовизуал құралдарды пайдалана отырып, журналистің жеке куәлігі мен айырым белгісін көрсету арқылы қатысуға құқылы. Бұдан шығатыны, журналистің митиң болған жерде болуы заңды болды.

Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 787-бабына сәйкес, әкімшілік қамауға алу – құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғаның жеке бас бостандығын қысқа мерзімге шектеу.

20 http://rate.kz/raw/v_pavlodare_srochno_rassekretili_spisok_poluchatelej_subsidij

21 <https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/06/Dostup-k-informaczii.pdf>

22 <https://adilsoz.kz/monthly-monitoring/>

23 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000333>

24 <https://vlast.kz/novosti/54980-v-astane-zaderzali-zurnalista-vlasti.html>

ҚР ӘҚБтК-нің 788-бабына сәйкес, әкімшілік қамауға алу кезінде хаттама жасалып, ұсталған тұлғаға тапсырылады. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша оның орналасқан жері туралы оның туыстарына, жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігіне дереу хабардар етіледі. Ұсталған адамға оның Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-де көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, әкімшілік қамауға алу туралы хаттамада көрсетіледі. Ұсталған адамға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру жөніндегі міндеттерді орындамау әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді елеулі түрде бұзу және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады²⁵.

Журналисті әкімшілік қамауға алу, телефонын тәркілеу әрекеті, сондай-ақ күштеп саусақ іздерін алу және суретке түсіруді полиция қызметкерлері заңсыз жүзеге асырған. Полиция қызметкерлерінің бұл әрекеттерінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 158-бабының 2-бөлігінде (қызмет бабын пайдалана отырып, журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі келтіру) көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар.

25 <https://adilsoz.kz/news/v-astane-policiya-zaderzhala-zhurnalista-vlastkz.html>



Сөз және пікір еркіндігі саласындағы жаңа заңнама мен заң шығару бастамалары

Сөз еркіндігі – Қазақстан Республикасы азаматының негізгі хақы мен конституциялық құқықтарының бірі. Сонымен қатар сөз еркіндігі цифрлық құқықтардың ажырамас және бөлінбейтін бөлігі, әсіресе контенттің орасан зор көлемін шығаратын әлеуметтік желілер мен интернет-медианың қарқынды дамуы жағдайында.

Елімізде интернет-медианың кеңінен тарауы мен сапалы дамуы мемлекет тарапынан алаңдаушылық тудырып, жіті назар аударатын нысанаға айналдырып отыр. Заң шығарушылық та, өзге де нормативтік құқықтық әрекетке қарағанда, Қазақстан интернет-медианы қосымша реттеу аясында сөз еркіндігі жағдайын ерекше бақылауға алған.

Мемлекет тарапынан осы саладағы әрекеттің маңызды кезеңі – «Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 145 Жарлығы.

Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы тұрғысынан Доктрина тікелей заң шығарушы құжат емес («Құқықтық актілер туралы» заңның 10-бабы 2-тармағының 6-тармақшасы). Дегенмен Доктрина уәкілетті органдардың алдағы заң шығару қызметінің бағытымен қатар ойлау тәсілін де көрсетеді.

Доктрина авторларының пікірінше, Доктрина отандық ақпараттық саланы дамыту, оның ашықтығы мен бәсекеге қабілетін арттыру принциптері мен тетіктері туралы көзқарастар жүйесін қамтиды. Сондай-ақ доктрина халық мүддесіне сай келетін, мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуына ықпал ететін идеологиялық және құндылық бағдарларды айқындайтын болады.

Доктринаның оң және теріс тұстары

Бір қарағанда, Доктрина сөз еркіндігін қорғау және ілгерілету жөніндегі міндеттемені реттейтін құжат ретінде оң қабылданады, сондай-ақ Қазақстанда, аймақ пен әлемде болып жатқан процестерге өзіндік көзқарасы бар бәсекеге қабілетті және еркін БАҚ-тың болу маңызын түсінуін көрсетеді. Доктрина ақпараттық саланы ырықтандыру, БАҚ саласындағы қарым-қатынастарды шектен тыс реттеуден бас тарту, сөз бен пікір еркіндігі кепілдіктерін күшейту және сөз еркіндігі мен пікір плюрализмін қорғау қағидатын ілгерілетуді мойындайды.

Өкінішке қарай, құжат мәтінінде ақпараттық саланы ырықтандыру, бәсекеге қабілетті және еркін БАҚ құру үшін нақты қандай қадамдар жасалатыны ашылмаған. Сонымен бірге Доктрина мемлекеттік БАҚ шығаратын контент саласында да, бұл мазмұнды тұтынушылар тарапынан сыни ойлаудың жалпы деңгейінде де бар мәселелерді көрсетеді.

Доктринада негізгі телеконтент ойын-сауық сипатындағы ток-шоулар мен сериалдарға толы екендігі айтылған. БАҚ-ты танудың маңызды құрамдас бөліктері, халықтың медиасауатын арттыру және тұтынатын контентке сыни пайым қалыптастыру факторы – аналитикалық бағдарламалар, журналистік зерттеу және күшті публицистика тапшы.

Бұдан әрі құқық қолдану тәжірибесін бағалау халықтың ақпаратқа қол жеткізу құқығы туралы аз хабардарланғанын және халықтың ақпараттық сауатының төмен деңгейін көрсетеді. Ақпараттық айла-шарғыға қарсы әрекет ету тетіктерінің тиімділігі төмен болғандықтан, бұл тұтынушылардың оқиғаларды бұрмалап қабылдауына және қате жосық бағдарын қалыптастырады.

Басқаша айтқанда, Доктринада мыналар айтылады:

- халықтың ақпараттық сауатының төмен деңгейімен қоса, ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын хабардар ету саласындағы мемлекет саясатының толық болмаса да, айтарлықтай кемшін тұсы бар;
- «мемлекеттік» БАҚ тек ойын-сауық контентін өндіре алады; сонымен бірге аналитикалық бағдарламалардың, журналистік тергеудің, публицистиканың тапшылығы байқалады, бұл негізінен сөз еркіндігі, цензураның, жасанды түрде жасалған өзін цензурау атмосфера-сының аянышты жағдайын көрсетеді.

Доктрина интернет-ресурстардың отандық БАҚ арасында кең тарағанын көрсетеді және контент тұтынушыларының әлеуметтік желілерге көшу үдерісін атап өтеді.

Әсіресе блогигң феномені атап өтіледі.

Доктрина мәтінінде атап өтілгендей, кей блогерлердің аудиториясы көлемі бойынша жеке БАҚ аудиторияларымен бәсекелесе алады. Сонымен қатар блогосфераны қоғамдық-саяси ақпарат алудың балама арнасына айналдыру үрдісі байқалады. Доктринада «2021 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеулер респонденттердің 45,2% ақпаратты әлеуметтік желілерден алуды құп көреді» деп айтылған.

Доктрина авторларының пікірінше, әлеуметтік желілердің артықшылықтарының бірі, олардың виртуал шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) сияқты технологиялармен интеграциялану мүмкіндігі. Жоғарыда аталған технологиялар виртуал ортамен өзара әрекеттесуді байқауға, виртуал және шынайыны біріктіруге және нақты уақытта өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Доктринада сондай-ақ нейрондық желілер мен deepfake технологиясының таралуына байланысты медиа кеңістікте жалған бейне және аудио контентті тарату қаупі бар (deepfake – жасанды интеллект негізіндегі сурет синтезі әдісі). Deepfake белгілі бір сурет элементтерін қажетті кескіндермен ауыстыру үшін, атап айтқанда, жалған фотосуреттер мен бейнелерді, сондай-ақ жалған жаңалықтар мен зиянды фейктерді жасау үшін қолданылады.

Доктрина авторларының пікірінше, ақпарат ағынын қысқа және айқын бейнелер арқылы қабылдау толық көзқарас қалыптастырмайды және білімнің бөлшектенуіне әкеледі. Сыни ойлау дағдылары болмаған жағдайда бұл кең ауқымды жалған ақпарат пен қоғамдық пікірді манипуляциялау қаупін тудырады. Оның үстіне, Доктрина дезинформация көздерінің біріне айналып бара жатқан кей әлеуметтік желілердің саясиленуінің жоғарылағанын баса айтады.

Нәтижесінде, Доктрина медиа саласының жаңа субъектілері (интернет-платформалар, әлеуметтік желілер, инфлюенсерлер және т.б.) қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша заңнамалық шаралар қабылдауды, сондай-ақ журналистер мен инфлюенсерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін жағдай жасауды көздейді. Доктринада нақты қандай заңнамалық шаралар қабылданатыны, инфлюенсерлердің кәсіби біліктілігін арттыру деген не білдіретіні түсіндірілмейді.

Осылайша, Доктринада тікелей әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, танымал интернет-ресурстарды, блогерлер мен инфлюенсерлерді одан әрі реттеу қажеттілігі туралы айтылған. Сонымен қатар, Доктрина авторларының пікірінше, дәл осы отандық интернет кеңістігінің жоғарыда аталған құрамдас бөліктері, әлеуметтік желілердің саясилендірілуін ескере отырып, кең ауқымды жалған ақпарат тарату мен қоғамдық пікірді манипуляциялау қаупін тудырады.

Доктринаның даулы түсініктері

Доктринада мынадай ұғымдар бар екені де қызық:

- нағыз ақпараттық қауіпсіздік;
- идеологиялық егемендік;
- негізгі идеологиялық бағыт;
- деструктив, манипуляциялық және сенімсіз контент;
- жалған нарративтер²⁶.

Доктринаның жоғарыда аталған түсініктерін талдауды бастамас бұрын, қолданыстағы құқықтық терминология мен мәртебені түсіну маңызды.

Сөз еркіндігі мен цензураға тыйым салудың конституциялық мәртебесі бар (Конституцияның 20-бабы). Сонымен қатар сөз еркіндігі туралы бірқатар халықаралық құжаттарда, олардың кейбіреулерін Қазақстан Республикасы арнайы қарастырылған тәртіп шеңберінде ерікті түрде ратификациялаған, сондай-ақ басқа да бірқатар нормативтік құқықтық құжаттарда айтылған.

«Ақпараттық егемендік» немесе «негізгі идеологиялық бағыт» сияқты ұғымдарды **қазіргі** кез келген қазақстандық нормативтік құқықтық актіде табу мүмкін емес. Сонымен қатар Доктрина «ақпараттық егемендік» немесе «негізгі идеологиялық бағыт» анықтамасын бермейді. Қазақстан идеологиялық әртүрлілікті мойындайтынын ескерсек, соңғы тұжырымдама ерекше қызығушылық тудырады (Конституцияның 5-бабының 1-тармағы).

Бұдан шығатыны, белгілі бір «бірыңғай» идеологиялық доктринаның болуы, әсіресе тұжырымның тым анық еместігін ескере отырып, бұл белгілі бір дәрежеде конституцияға қайшы болып көрінеді және ол кей жағдайларда ашық цензураның немесе өзін цензураулау атмосферасын құруға ұласуы мүмкін.

Нақты анықтамалар, белгіленген нақты заңнамалық базалар және содан туатын қисынды құқық қолдану тәжірибесі болмаған жағдайда, «жалған нарративтер, «деструктив контент» және басқалар сияқты сөз тіркестері заңсыз және соның салдарынан ерікті түрде түсіндіріледі. Дегенмен «ақпараттық егемендік» ұғымы сияқты кей даулы тіркестердің процесі қазіргі заңнамалық бастамада көрініс тапқан.

«Масс-медиа туралы» заң жобасы

На протяжении последнего календарного года в Казахстане происходит разработка проекта Закона «О масс-медиа».

Қазақстанда жыл бойы «Масс-медиа туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр.

Қазіргі таңда «Масс-медиа туралы» заң жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінде қаралып жатыр. Заң жобасының сипаттамасы 2023 жылғы 6 маусымда бекітілген және Парламент Мәжілісінің сайтында жарияланған. Заң жобасының бірнеше нұсқасын, жобаның тұжырымдамасын, түсіндірме жазбаны, сондай-ақ отырыс хаттамаларын қамтитын жоғарыда аталған заң жобасының құжаттамасымен **мына сілтеме бойынша** танысуға болады²⁸.

Ақпараттық доктрина сияқты «Масс-медиа туралы» заң жобасында да өте түсініксіз ұғымдар бар.

Атап айтқанда, заң жобасында «ақпараттық егемендік» - Қазақстан Республикасы азаматтарының ақпараттық күн тәртібін қалыптастырудағы қоғамдық-саяси тәуелсіздігін айқындайтын Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің тәуелсіздігі ұғымы енгізіледі («Масс-медиа туралы» заң жобасының 1-бабының 4-тармағы). Заң жобасының мәтінінде «Қазақстан азаматтарының қоғамдық-саяси тәуелсіздігі» не білдіретіні түсіндірілмеген.

Ұсынылып отырған заң жобасында «ақпараттық егемендік» түсінігі ашылмайды, тек мына жағдайларда:

- ақпараттық егемендік қамтамасыз етілуге, нығайтуға және қорғалуға тиіс («Масс-медиа туралы» заң жобасының 1-бабының 30-тармағы);
- мемлекет ақпараттық егемендікті қамтамасыз етуге, нығайтуға және қорғауға республикалық бюджеттен гранттар бөледі («Масс-медиа туралы» Заң жобасының 32-бабының 1-тармағы).

Атап өткендей, гранттар Қазақстан Республикасының ақпараттық егемендігін нығайтуға және қорғауға **мемлекет пен қоғамның мүдделерін қанағаттандыратын** ақпарат өндіріп, тарату үшін бөлінетін болады. Заң жобасында «мемлекет пен қоғамның мүдделерін қанағаттандыру» деген не, бұл мүдделер қандай және олар қаншалықты сәйкес келетіні көрсетілмеген.

27 <https://www.parlam.kz/ru/mazhilis/post-item/36/16079>

28 https://web.archive.org/web/20230515102122/https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35440863&pos=773;-57#pos=773;-57

29 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

Осы тармақта түсіндірменің болмауы заңмен тұжырымдалмағандарды мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз ету, нығайту және қорғау міндеті қаншалықты маңызды деген сұрақ тудырады.

Одан әрі «Масс-медиа туралы» заң жобасында цензура ұғымы бар.

Заң жобасының мәтініне сәйкес, цензура – бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалар мен материалдарды мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар және өзге де ұйымдармен олардың өтініштері бойынша немесе өзге де себептермен хабарламалар мен материалдарды немесе олардың бөліктерін таратуды шектеу немесе тыйым салу мақсатында алдын ала келісу. («Масс-медиа туралы» заң жобасының 1-бабы 59-тармағы). Бұл анықтама «Масс-медиа туралы» заң жобасының цензураға тыйым салатын заңдағы 2-баптың 1-тармағына қайшы келеді.

«Масс-медиа туралы» заң жобасында цензураға басқа сілтемелер жоқ. Осылайша, заң жобасын әзірлеушілер конституциялық деңгейде де, «Масс-медиа туралы» заң жобасы деңгейінде де тікелей тыйым салынған нәрсенің тұжырымдамасын енгізді.

Аккредиттеу және пресс-карта беру тәртібі

«Масс-медиа туралы» заң жобасында «журналист», «аккредитация», сондай-ақ «пресс-карта» сияқты ұғымдар енгізілген.

Заң жобасының мәтініне сәйкес, журналист (БАҚ өкілі) БАҚ редакциясымен еңбек немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралдары үшін хабарламалар мен материалдар жинауды, өңдеуді және дайындауды жүзеге асыратын физикалық тұлға («Масс-медиа туралы» заң жобасының 1-бабы, 21-тармағы).

Аккредиттеу – мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және ұйымның журналисті тағайындау және оның өкілеттіктерін тану тәртібі («Масс-медиа туралы» заң жобасының 1-бабы 1-тармағы).

Пресс-карта журналистің (БАҚ өкілінің) ерекше мәртебесін растайтын, оңайлатылған аккредиттеу құқығын және заң жобасында көзделген құқықтарды беретін құжат және/немесе электрон құжат («Масс-медиа туралы» заң жобасының 1-бабы, 5-тармағы).

Заң шығарушылардың қисынына сүйенсек, журналист алған аккредиттеу мынаны білдіреді:

- журналистерге аккредитация берген мемлекеттік органдар оларды жиындар, жиналыстар және басқа да іс-шаралар туралы алдын ала хабардар етуге, оларға стенограммалар, хаттамалар және басқа да құжаттарды беруге міндетті («Масс-медиа туралы» заң жобасының 26-бабы 2-тармағы);
- аккредиттелген журналист өзіне аккредиттеуді берген мемлекеттік органдар өткізетін жиындарға, конференцияларға және басқа да іс-шараларға қатысуға құқылы («Масс-медиа туралы» заң жобасының 26-бабының 2-тармағы).

Сонымен қатар сіз өте күмәнді және заңсыз негіздер бойынша аккредиттеуден айырылуыңыз мүмкін, мысалы:

- аккредиттеу ережелерін бұзу;
- журналисті аккредитациялаған мемлекеттік органдардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін шындыққа жанаспайтын ақпарат тарату («Масс-медиа туралы» заң жобасының 26-бабының 4-тармағы).

Шындыққа сәйкес келмейтін және/немесе мемлекеттік органдардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпаратты тарату туралы тармақта дәлелдеу элементімен байланысты процессуалдық аспектіні ескеру маңызды.

Осылайша, белгілі бір ақпаратты тарату нәтижесінде іскерлік беделге нұқсан келтіргенін дәлелдеу ашық сот талқылауы шеңберінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарын ескеруге тиіс, мұнда тараптардың әрқайсы өзі жасаған барлық мән-жайларды азаматтық іс жүргізудің жалпыға бірдей белгіленген нормалары шеңберінде дәлелдеуге міндетті. Жала жабу немесе қорлау жағдайында процесс әкімшілік және қылмыстық іс жүргізу нормаларына сәйкес өтуі тиіс. Алайда «Масс-медиа туралы» заң жобасының 26-бабының 4-тармағы бастапқы аккредиттеуді берген мемлекеттік органға соттың заңды күшіне енген тиісті шешімінсіз журналисті аккредиттеуден айыру құқығын береді, яғни ерікті түрде.

Одан әрі «Масс-медиа туралы» заң жобасының тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – пресс-карталар енгізу.

«Масс-медиа туралы» заң жобасының 29-бабында журналистерге пресс-карталарды пресс-карта беру мәселелері жөніндегі комиссия беретіні белгіленген. Жоспар бойынша заң шығарушы комиссияның құрамына коммерциялық емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да мүдделі тұлғалардың өкілдері кіреді.

Пресс-карта алу үшін журналист келесі талаптарға сай болуы керек:

1. тиісті немесе сабақтас мамандық бойынша жоғары білімі бар БАҚ саласында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы;
2. тиісті немесе сабақтас мамандық бойынша дипломы болмаған кезде БАҚ саласында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы;
3. уәкілетті органда тіркелген бұқаралық ақпарат құралымен еңбек немесе өзге де шарттық қатынастардың болуы («Масс-медиа туралы» заң жобасының 29-бабының 4-тармағы).

Пресс-карталарын беруден бас тартуға немесе бұрын берілген пресс-картасынан айыруға негіздер бар, олар мыналарды қамтиды:

4. уәкілетті орган журналистерге пресс-карталарын беру үшін айқындайтын құжаттарды ұсынбау;
5. заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы;
6. белгіленген талаптарға сай келмеу;
7. журналист қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылса;
8. еңбек шартында белгіленген талаптарды сақтамау;
9. осы Заңда белгіленген талаптарды бұзу («Масс-медиа туралы» заң жобасының 29-бабының 4 және 5-тармақтары).

Бұрын берілген пресс-карталарды беруге немесе одан айыруға қатысты ережелердің шектен тыс анық емес, кей жағдайларда алалау сипатына ие екендігіне назар аудару қажет.

Осылайша, жасалған қылмысқа қарамастан заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болса, пресс-картаны беруден бас тартуға байланысты норма – алалаушылық.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабында қылмыс жасағаны үшін сотталған адамның соттылығы бар деп соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап соттылығы жойылғанға немесе алынғанға дейін деп белгіленген. Қылмыс – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған және айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалауы бар қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік). (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 10-бабы, 2-тармағы)²⁹.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қисыны бойынша, соттылықтан босатылған, сондай-ақ бас бостандығынан айырудан гөрі жеңілірек жазаға сотталған азаматтардың соттылығы белгіленіп, кейін жойылады. Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген өтелмеген соттылығы немесе кез келген (!) қылмыс жасағаны үшін ғана журналистке бұрын берілген пресс-картаны беруден бас тарту немесе одан айыру – алалаушылық.

Сонымен қатар журналист еңбек шартының талаптарын орындамағаны үшін журналисті бұрын берілген пресс-картасынан айыруы мүмкін. Алайда заң жобасының мәтінінде сәйкессіздіктің егжей-тегжейлері көрсетілмеген, бұл да бұл норманы ерікті түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен, «Масс-медиа туралы» заң жобасы бірқатар себептерге байланысты қанағаттанарлықсыз болып көрінеді.

Біріншіден, заң жобасы аккредиттеу процедурасы және пресс-карталар беру арқылы жекелеген журналистерді оқшаулау және оларға арнайы артықшылықтар беру үшін жағдай жасайды.

Екіншіден, ол аккредиттеу мен пресс-карта алу үшін заңды түрде өте түсініксіз жағдайлар мен алалау негіздерін тудырады, пресс-картадан айыру артықшылықтардан айырылуға әкеп соғады.

«Масс-медиа туралы» заң жобасы мен Ақпараттық доктрина тұжырымдамалық деңгейде өте қарама-қайшы көрінеді, бұл болашақта сөз еркіндігі саласындағы құқық қолдану тәжірибесі деңгейінде мәселелер туғызатыны сөзсіз.

«Масс-медиа туралы» заң жобасы әлі Парламент Мәжілісінде қаралып жатқанын атап өтеміз. Осы фактіні ескере отырып, заң жобасына бірқатар ұғымдарды нақтылауға, сондай-ақ құқықтық анықтық принципті тұрғысынан тұжырымдардың бұлдырлығын жоюға бағытталған өзгерістер енгізу мүмкіндігі бар.

«Онлайн платформалар туралы» заң

Қазақстан Республикасының «Онлайн-платформалар туралы» заңына мемлекет басшысы 2023 жылғы 10 шілдеде қол қойды және 2023 жылғы 10 қыркүйекте күшіне енеді.

Негізінде, «Онлайн-платформалар туралы» заң бірқатар әлеуметтік желілерді саясиландыруға, сондай-ақ жалған ақпарат таратуға қатысты алаңдаушылық тұрғысынан Доктрина ережелерін іске асырудың қисынды жалғасы.

«Онлайн-платформалар туралы» заң сөз еркіндігін жүзеге асыру және онлайн пікір білдіру тұрғысынан ең қызықты негізгі тұжырымдамалық топтамалар енгізеді.

Басқа ұғымдармен қатар заңда мыналар бар:

- аккаунт – онлайн-платформада тіркелгеннен кейін жасалатын онлайн-платформаны пайдаланушының жеке парағы («Онлайн-платформалар туралы» заңның 1-бабының 1-тармағы);
- жалған ақпарат – шындыққа сәйкес келмейтін немесе кез келген нысанда жазылған адамдар, заттар, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы жалған әсер тудыратын немесе фактілердің елеулі бұрмалануын қамтитын ақпарат («Онлайн платформалар туралы» заңның 1-бабының 3-тармағы);
- инфлюенсер (блогер) – онлайн-платформада кәсіпкерлік мақсатта тұлғалардың белгісіз санына арналған ақпарат жариялайтын онлайн-платформаны пайдаланушы («Онлайн-платформалар туралы» заңның 1-бабының 6-тармағы);
- онлайн платформа - интернетте жұмыс істейтін интернет-ресурс және/немесе бағдарламалық қамтамасыз ету және/немесе желіде контентті қабылдауға, жасауға және/немесе орналастыруға және/немесе таратуға және/немесе сақтауға арналған жылдам хабар алмасу қызметі. Интернет-ресурсты және/немесе интернетте жұмыс істейтін бағдарламалық қамтамасыз етуді және/немесе қаржылық қызметтерді және электрон коммерцияны көрсетуге арналған жедел хабар алмасу қызметін қоспағанда, өзі жасаған тіркелгі арқылы онлайн-платформа («Онлайн-платформалар туралы» заңның 1-бабы, 10-тармағы);

→ онлайн-платформаның иесі – онлайн-платформаға меншік құқығы бар жеке және/немесе заңды тұлға («Онлайн-платформалар туралы» заңның 1-бабының 12-тармағы);

→ онлайн-платформаның пайдаланушысы – онлайн-платформада тіркелген және/немесе өзінің жеке деректерін ұсынған және/немесе сәйкестендірілген жеке және/немесе заңды тұлға («Онлайн-платформалар туралы» заңның 1-бабының 14-тармағы).

Заңсыз контентпен күресу заң мақсаттарының бірі екенін атап өткен жөн («Онлайн-платформалар туралы» заңның 3-тармақшасының 2-тармағы). Заңда онлайн-платформаларды пайдаланушылар заңсыз контентті жарияламауға және таратпауға, ал жарияланған жағдайда оны дереу жоюға міндетті екендігі көрсетілген («Онлайн платформалар туралы» заңның 16-бабы 2-тармағының 5 және 6 тармақшалары).

Сонымен қатар онлайн платформалардың иелері және/немесе басқа заңды өкілдері мыналарға міндетті:

- заңсыз контенттің таралуына қарсы шаралар қабылдау («Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабының 4-тармағының 1-тармақшасы);
- уәкілетті органды заңсыз контентке қарсы тұру жөніндегі шаралар туралы хабардар етуге («Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабының 4-тармағының 6-тармақшасы);
- Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз контент орналастыратын және тарататын аккаунттардың қызметін тоқтатуға («Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабының 4-тармағының 10-тармақшасы).

Жалған ақпаратты жариялау мен таратуға жол бермеу заңның негізгі міндеттерінің бірі екендігін ескере отырып, қандай ақпарат заңсыз контентке жатқызылатынын түсіну қажет.

«Онлайн-платформалар туралы» заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, мұндай ақпаратқа конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге шақыру, үгіт-насихат немесе үгіт, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық басымдық, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табыну, суицид, порнография, есірткі,

психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлары, сепаратизм идеясы, алаяқтық, этносаралық және конфессияаралық келісімді бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттілігі мен аумақтық тұтастығына күмән келтіретін мәлімдемелер, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны ашатын, Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған өзге де мәліметтер жатады.

Жоғарыда аталған баптың «мемлекеттілікке күмән келтіретін» мәлімдемелерге қатысты ережелері ерекше қызығушылық тудырады.

- А.С.Байкенжеевтің «Қазақстанның мемлекеттілігі мен құқықтық жүйесінің дамуы: өткені, бүгіні, болашағы» атты мақаласында атап көрсеткеніндей, мемлекеттілік – қоғамның белгілі бір тарихи уақыттағы формасы, қоғам мен мемлекеттің негізгі мазмұны мен белгілі бір ерекшелігін құрайтын **оның элементтері мен институттарының сапалық сипаттамасы**³⁰.

Егер мемлекеттік институттар, оның ішінде заң шығарушы, атқарушы және сот органдары мемлекеттіліктің элементтері деп есептесек, онда сыни сипаттағы кез келген ақпарат (мысалы, жергілікті немесе республикалық сайлауда дауыстарды санау кезіндегі сайлау комиссияларының бұзушылықтары туралы мәлімдемелері), барлық жағдайда уәкілетті орган заңсыз контентті тарату деп түсіндірілуі мүмкін.

Заңсыз контентті тоқтата тұру, жариялауды және таратуды доғару Қазақстан Республикасы заңының «Байланыс туралы» 41-1-бабына сәйкес жүзеге асырылатынын атап өту маңызды.

Жоғарыда аталған бап прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган тиісті сұрау салу немесе бұйрық бойынша желілердің, байланыс құралдары және интернет-ресурстардың жұмысын тоқтата тұрудың (бұғаттауын) соттан тыс рәсімін қамтиды.

Уәкілетті органның контентті және интернет-ресурстарды соттан тыс шектеу статистикасына ерекше назар аударамыз.

Осылайша, «Internet Freedom Kazakhstan» ресурсы ұсынған деректерге сүйенсек, 2023 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Қазақстанда **8 361** интернет-ресурс келесі негіздер бойынша шектелген:³¹

- қатыгездік пен зорлық-зомбылық культін, суицид пен порнографияны насихаттау – 1280;
- терроризм және экстремизм идеяларын насихаттау – 175;
- есірткіні насихаттау – 281;
- онлайн казино қызметтерін көрсету, ойын бизнесі туралы заңнаманы бұзу – 2 283;
- жарнама және авторлық құқық туралы заңнаманы бұзу – 219;
- **- басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату** – 110;
- алаяқтық фактілері – 3 723;
- **көрінеу жалған ақпарат тарату** – 290.

Уәкілетті органнан, мысалы, белгілі бір аккаунттың жұмысын тоқтата тұруға байланысты сұрау немесе бұйрық келіп түскен жағдайда, онлайн-платформалардың иелері және/немесе заңды өкілдері бұғаттауды жүзеге асыруға міндетті («Онлайн платформалар туралы» заңның 9-бабы, 4-тармағы, 10-тармақшасы). Заңның ережелеріне сәйкес іс жүзінде кез келген нәрсені заңсыз контентке жатқызуға болатындықтан, мұндай құқықтық реттеу цензураға немесе өзін цензурауға әкелуі мүмкін деген қорытынды жасаймыз.

Желіде цензура немесе өзін цензурау атмосферасын құрудың тағы бір маңызды сәті – жалған деп аталатын ақпараттың таралуы.

«Онлайн-платформалар туралы» заңның 15-бабында өзіне қатысты жалған ақпарат таратылған тұлға жалған ақпаратты жою туралы талаппен онлайн-платформаның иесіне хабарласуға құқылы екендігі көрсетілген. Егер онлайн-платформаның иесі жалған ақпаратты жоюдан бас тартса, адам сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл ретте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 10 шілдедегі № 20-VIII Заңына «Жалған ақпарат тарату, жариялау» 456-2-бабымен толықтыру жоспарланған³². Бұл бап онлайн-платформада бұқаралық ақпарат құралдарында жалған ақпарат таратқаны үшін жеке аккаунт иелерін, сондай-ақ блогерлерді (инфлюенсерлер) әкімшілік жауапкершілікке тартуды көздейді. Бірақ 456-2-бап аясындағы әкімшілік істер бойынша хаттамаларды ішкі істер органдарының өкілдері толтырады. Прокурор жоғарыда көрсетілген бап бойынша іс қозғау туралы шешімді өз бетінше қабылдай алады.

31 <https://ifkz.org/ru/restriction/statistics>

32 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32070992&pos=1;-16#pos=1;-16

Сонымен қатар жеке тұлғалар 456-2-бапта көзделген бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы сотқа өз бетінше жүгіне алады.

456-2-бап істер жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалатын жала жабу туралы (ҚР ӘҚБтК-нің 64-бабының 1-бөлігі) 73-3-бапқа қайшы келеді. Бұдан шығатыны, «Онлайн-платформалар туралы» заңның 15-бабы ҚР ӘҚБтК-нің 456-2-бабымен ұштаса отырып, БАҚ-қа, онлайн-платформаларға және блогерлерге қарсы қосымша репрессиялық құралға айналуы мүмкін.

Онлайн платформаларды құқықтық реттеудің кей ерекшеліктерін атап өткен жөн. «Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабы онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің мынадай құқықтық режимін қамтиды.

Жұмыс істеудің негізгі элементтерінің бірі – онлайн платформалардың «қонуы». Бір ай ішінде күніне 100 000-нан астам қазақстандық онлайн-платформаның пайдаланушысы болған жағдайда, онлайн платформалар уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау үшін өздерінің заңды өкілін тағайындауға міндетті («Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабының 1-тармағы).

Онлайн-платформалардың иелері және/немесе заңды өкілдері сот актілері, құқық қорғау немесе Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының сұрау салулары негізінде уәкілетті орган сұраған пайдаланушылар туралы ақпаратты ұсынуға міндетті болатынын атап өту маңызды («Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабының 4-тармағының 9-тармақшасы). Онлайн платформалардың пайдаланушылары тіркеу кезінде жеке деректерін қалдыруы қажет.

«Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабының 4-тармағының 9-тармақшасында онлайн-платформалардың иелері пайдаланушылардың дербес деректерін құқық қорғау немесе Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына қандай сұраныстар негізінде және қандай көлемде ұсынуы тиіс екені түсіндірілмеген. Нақты құқықтық реттеу болмағандықтан, «Онлайн-платформалар туралы» заңның 9-бабының 4-тармағының 9-тармақшасы онлайн-платформаларды пайдаланушылардың дербес деректерін еркін жинау құралына айналуы мүмкін.

Қорытындылай келе, онлайн платформалардағы заңнаманың сақталу бақылауын уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға («Онлайн-жарнама туралы» заңның 6-бабының 2-тармағы)

сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыратынын атап өткен жөн. Профилактикалық бақылаудың мақсаты – болуы мүмкін бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу. Профилактикалық бақылаудың объектісі – онлайн платформалардың қызметі, ал субъектісі – қоғамдық бірлестіктердің модераторлары.

Бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті орган бұзушылықтарды жою туралы тиісті ұсыным жібереді. Профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным ол жеткен күннен кейінгі күннен бастап **үш** жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс («Онлайн-жарнама туралы» заңның 6-бабының 7-тармағы). Алайда ҚР ҚК 124-10-бабының 8-тармағына сәйкес профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным ол жеткен күннен кейінгі күннен бастап **он** жұмыс күні ішінде орындалуы тиіс³³.

Осылайша, онлайн-жарнама туралы заңнамадағы уәкілетті органдардың ұсынымдарын іске асыру нормаларын Қазақстан Республикасының ПҚ сәйкес келтіру маңызды деп санаймыз.

33 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>



Қиындықтар

Шолудың алдыңғы тарауларында және зерттеудің әлеуметтік бөлімінде талданғандай, Қазақстандағы сөз және пікір еркіндігі заңмен шектеледі.

Елде сөз және пікір еркіндігін шектеудің ең бір анық элементтерінің бірі – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексінде азаматтарды ақпарат таратқаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін «Жала жабу» және «Қорлау» сияқты баптардың болуы.

АСҚПК-нің 19-бабына № 34 жалпы түсініктемелерде БҰҰ Комитеті жала деп аталатын қылмыстық қудалау тәжірибесі туралы теріс пікір білдіреді. Атап айтқанда, № 34 жалпы түсініктемнің 47-тармағында қатысушы мемлекеттер жала жабуды қылмыс ретінде қарастыруды қайта қарау керек, бірақ кез келген жағдайда қылмыстық заңнама тек аса ауыр істерге қатысты қолданылуы керек, ал бас бостандығынан айыру ешқашан адекват жаза ретінде қарастырылмауы керек.

2019 жылы мемлекет басшысы Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 130-бабы «Жала жабуды» қылмыс деп танымауды жариялады³⁴. 2020 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі «Жала жабу»³⁵ 73-3-баппен толықтырылды. Осылайша, «Жала жабу» бабы қылмыстық құқық бұзушылық санатынан әкімшілік құқық бұзушылық санатына ауыстырылды.

Жоғарыда аталған бап 160-тан 750 АЕК-ке дейін және одан көп ауыр әкімшілік айыппұл салуды, сондай-ақ 20-дан 30 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу мүмкіндігін қарастырады. Абсолют көрсеткіштер бойынша айыппұл 552 000 теңгеден 2 587 500 теңгеге дейін болады. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу порталының мәліметі бойынша, 2023 жылдың тамыз айындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы ӘҚБТК-нің 73-3-бабы бойынша 323 әкімшілік іс тіркелген, оның 184-і сотта, 45-і уәкілетті органда қаралған³⁶.

Сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін осы адам жасаған дәл сол құқық бұзушылықтың азаматтық салдары туралы істі қарау кезінде адамның кінәсі қайтадан дәлелденбейді (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі 76-баптың 5-тармағы)³⁷.

³⁴ https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-vtorom-zasedanii-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya

³⁵ <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>

³⁶ <https://qamqor.gov.kz/>

³⁷ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Жоғарыда айтылғандар әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға әкімшілік айыппұлды төлеумен немесе іс жүзінде әкімшілік қамаққа алуды өтеумен қатар, азаматтық сотта моральдық зиян келтіргені үшін өтемақы өндіру туралы талап қою бойынша жауапкер ретінде қаралуы мүмкін. Бұл ретте тұлғаға әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енген сот шешімінің преюдициалды мәніне негізделген азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде өзіне қарсы жала жабу фактісін дәлелдеуге міндетті болмайды. Моральдық зиян ақшалай формада өтеледі (ҚР АҚ 952-бабының 2-тармағы). Өтемақы мөлшерін сот субъектив бағалау мен объектив деректер негізінде дербес белгілейді.

Сонымен, Қазақстан Республикасы ӘҚБТК-нің 73-3-бабы бойынша кінәлі деп танылған адам ірі мөлшердегі әкімшілік айыппұл төлеуге немесе сот белгілеген әкімшілік қамаққа алу мерзімін өтеуге ғана емес, сонымен бірге жалпыға бірдей белгіленген азаматтық заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының ӘҚБТК-нің 73-3-бабының тәжірибеде, әсіресе журналистерге қатысты болуы және қолданылуы үрей туғызады, бұл «журналистикада редактор мен журналист белгілі бір тақырыптармен, адамдар, оқиғалар, фактілер, әңгімелер және құжатта, яғни тыйым салынған тақырыптармен жұмыстан қашқақтайтын өзін цензурауға әкеледі».

Құқықтық саясатты зерттеу орталығы атап өткендей, жала жабу және қорлау баптары бойынша сотқа және қылмыстық жауапкершілікке қарапайым азаматтар жиі тартылғанына қарамастан, журналистерге қатысты істер ең көп резонанс тудырады. Бұл тезисті «Сарыағаш-информ» газетінің бас редакторы Амангелді Батырбековтің оқиғасы дәлелдей алады. 2023 жылы 3 шілдеде Сарыағаш ауданының мамандандырылған әкімшілік соты Батырбековті 73-3-бап «Жала жабу» бойынша кінәлі деп тапты³⁸.

Осыған ұқсас жағдай Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-бабы «Қорлау» және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-баптары «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыру» бойынша да туындайды, ол бойынша үлкен айыппұлдар, қоғамдық жұмыстарға тарту, шектеу, тіпті босандығынан айыру қарастырылған. Осы жерде айта кететін жайт, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу порталының мәліметінше, 2023 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-бабы

«Қорлау» бір рет те қолданылмаған³⁹. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабының болуы ұлттық құқық қорғау қоғамдастығы тарапынан да, халықаралық сарапшылар тарапынан да тұрақты сынға алып келеді.

Атап айтқанда, БҰҰ-ның жиналыстар мен бірлестіктер бостандығы бойынша арнайы баяндамашысының пікірінше, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 174-баптың болуы саяси қызметке күшті қысым көрсетті, бұл шынайы экстремизммен күресуде тиімсіз әрі нәтижесіз әдіс болып көрінеді. Саяси топтарды тарату немесе олардың өкілдерін жоғарыда айтылған түсініксіз негіздер бойынша қудалау билеуші партиямен бәсекелесуге ниет білдірген кез келген оппозициялық саяси партия немесе оның мүшелерінің алауыздық тудыру немесе «жалған ақпарат тарату» не «жала жабу» сияқты қылмыстық айыптаулар бойынша қудалану қаупі бар⁴⁰.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-бабымен салыстырғанда, 2023 жылдың тамыз айындағы жағдай бойынша, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу порталының мәліметі бойынша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабы бойынша 45 іс қозғалған, оның ішінде 11 аяқталды деп саналады⁴¹.

Осылайша, қылмыстық және әкімшілік заңнамада өшпенділіктің кез келген түрін қоздырғаны, жалған ақпарат пен жала таратқаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті көздейтін баптардың болуы, тұжырымның анықтығы мен нақтылығы болмауына байланысты, құқықтық сенімділік қағидаттарына қайшы келетіндіктен сынға ұшырайды.

«Әділ сөз» халықаралық сөз еркіндігін қорғау қоры жинаған 2022 жылға арналған Қазақстандағы сөз еркіндігінің бұзылуы туралы **статистикаға** сәйкес, «Жала жабу» бабы бойынша 11 журналист пен блогер әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның ішінде 5-і соттық негізде айыпталып, екеуі әкімшілік іс жүргізу бойынша 20 тәулікке сотталған. 2022 жылы Орал қаласының қоғам белсендісіне «Қорлау» бабы бойынша айып тағылып, кейін қылмыс құрамының болмауына байланысты ақталды.

38 <https://rus.azattyq.org/a/32516462.html>

39 <https://qamqor.gov.kz/>

40 <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/G15/126/66/PDF/G1512666.pdf?OpenElement>

41 <https://qamqor.gov.kz/>

Бұл ретте Қазақстанда «Билік өкілін қорлау» деген нақтырақ бап бар, ол бойынша үш есе көп масс-медиа өкілдері жауапқа тартылғанын айта кеткен жөн. Олардың бірі заңсыз жауапкершілікке тартылғаны үшін өтемақы алу мүмкіндігімен ақталса, екіншісі әлеуметтік желі арқылы билік өкіліне тіл тигізгені үшін кінәлі деп танылды. Оған 20 АЕК (61 260 теңге) көлемінде айыппұл салынды⁴².

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыру» және «көрінеу жалған ақпарат тарату» баптары әлі күнге дейін билікке тәуелсіз журналистерді, блогерлер мен белсенділерді бас бостандығынан айыруға мүмкіндік береді. Осылайша, бірінші бап бойынша қозғалған екі істің біреуі ғана сотта қаралып, кейіннен «көрінеу жалған ақпарат тарату» бабына ауыстырылып, бір топ эко-белсенділерге бір жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Сот мынаны жариялады: «Сот жариялаған рақымшылыққа байланысты эко-белсенділер қылмыстық жазадан босатылды. Сот процессуалдық шығындарды мемлекетке жүктеді». Екінші бап бойынша 2022 жылы 7 іс қозғалған. Олардың бірі сотта қаралып, белсенді кінәлі деп танылып, кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босап шығатындай 1 жылға бас бостандығын шектеуге үкім шығарылды.

Келесі қиындық – Қазақстан Республикасында бірте-бірте шетелдік агенттер институтын енгізу.

Қазіргі уақытта елімізде шетелдік қаржыландыру алатын жеке және заңды тұлғалардың (шетелдік агенттердің) тізілімін қалыптастырудың заңнамалық негізі жасалған.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде «шетелдік агенттер» түсінігін енгізуге тікелей қатысты 29-бап бар: **«Тұлғаның және/немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің ақшаны және/немесе өзге де мүлікті шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, кей жағдайларда азаматтығы жоқ адамдардан алу, жұмсау кезіндегі міндеттері»**⁴³.

Осы бап жеке және заңды тұлғалардың шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан мынадай қызмет түрлеріне бағытталған ақша және/немесе өзге де мүлікті алған жағдайда салық органдарына хабарлау міндетін реттейді:

- құқықтық көмек көрсету, оның ішінде құқықтық ақпарат, азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін қорғау және білдіру, сондай-ақ оларға кеңес беру;
- коммерциялық мақсатта жүргізілетін қоғамдық сауалнамалар мен әлеуметтік зерттеулерді қоспағанда, қоғамдық пікірді, әлеуметтік сауалнамаларды зерделеу және жүргізу, сондай-ақ олардың нәтижелерін тарату және жариялау;
- көрсетілген қызмет коммерциялық мақсатта жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, ақпарат жинау, талдау және тарату (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 29-бабы 1-тармағының 1-тармақшасы).

Көрсетілген қаржыландыруды алушы салық органдарына шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаның және/немесе өзге мүліктің түсуі және жұмсалуды туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгіленген тәртіппен, мерзімде және нысанда табыс етуге міндетті. (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 29-бабы 1-тармағының 2-тармақшасы).

Әкімшілік жауапкершілік

Салық органы өзінің интернет-ресурсында шетелден қаржыландыру алатын жеке және заңды тұлғалардың тізілімін қалыптастырады және жариялайды (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 29-бабының 3-тармағы). Шетелдік қаржыландыру алатын тұлғалардың заңды сақтауын қамтамасыз ету үшін заңнамада Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің арнайы ережелері бар.

Осылайша, **ӘҚБТК-нің 460-1-бабына** сәйкес, шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша алу (немесе оның жұмсалуды) және/немесе өзге де мүліктің түсуі туралы мәліметтерді беру тәртібін бұзғаны үшін тұлғаларға мән-жайларға байланысты 50-ден 1000 АЕК-ке дейін айыппұл түріндегі санкция қолданылады (заңды тұлғалар үшін қызметке тыйым салу да мүмкін)⁴⁴. **2023 жылғы абсолют көрсеткіш бойынша айыппұл 172 500 теңгеден 3 450 000 теңгеге дейін.**

42 <https://adilsoz.kz/statistika/>

43 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120#z29>

44 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235#z3435>

ӘҚБТК-нің 460-2-бабына сәйкес шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан ақшаны және/немесе өзге де мүлікті алатын адамдардың материалдарды жариялау, тарату және/немесе орналастыру тәртібін бұзуы мән-жайлар бойынша ескерту жасауға немесе 25 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады⁴⁵. **2023 жылғы абсолют көрсеткіштерде бұл 86 250 теңгені құрайды.**

2018 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшалай және/немесе өзге де мүлікті алған және жұмсаған тұлғалардың дерекқорын жүргізу, сондай-ақ оларды дерекқорға енгізу және алып тастау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы шықты⁴⁵. Бұйрықтың 8-тармағында дерекқорда қамтылған ақпарат уәкілетті органның www.kgd.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылады деп белгіленген⁴⁶.

2023 жылы Бұйрыққа өзгерістер енгізілді⁴⁷. Бұйрыққа енгізілген өзгерістер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылы 14 наурызда № 32059 болып тіркелді және заңды күшіне енді⁴⁸. Түзетулер енгізілгеннен кейін бұйрықтың 8-тармағы мынадай: «Дерекқорда қамтылған мәліметтер «Шетел мемлекеттерінен, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ тұлғалардан ақша және/немесе өзге де мүлікті алған тұлғалардың тізілімі жариялануға жатады», осы Қағида қосымшасына сәйкес алты айдың қорытындысы бойынша есепті айдан кейінгі 20 күннен кешіктірмей уәкілетті органның www.kgd.gov.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсында орналастырылады».

Тізілімде ұйымдар мен жеке тұлғалардың жеке деректері болады деп күтілуде:

№	БСН/ЖСН	Атауы/АТӘ
1	2	3

Шектеулі жеке деректер, атап айтқанда, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) жалпыға қолжетімді болады.

«Дербес деректер туралы» Қазақстан Республикасының заңында дербес деректерді тарату және жариялау рәсімі субъектінің келісімімен ғана жүзеге асырылуы тиіс («Дербес деректер туралы» заңның 7-бабы)⁴⁹. Заңда «мемлекеттік кірістер органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан салықтық (кедендік) әкімшілендіру және/немесе бақылау үшін ақпарат алған жағдайда субъектінің келісімінсіз жинау және өңдеу (жарияламау және таратпау!) мүмкіндігін қарастырады. («Дербес деректер туралы» заңның 9-бабының 9-1-тармағы)⁵⁰. Алайда, «Дербес деректер туралы» заңның жоғарыда аталған нормасы дербес деректерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде жариялау және соның салдарынан шетелдік агент мәртебесін алған субъектінің келісімінсіз жеке деректерді үшінші тұлғалардың шектеусіз саны арасында тарату мүмкіндігін қарастырмайды.

Осыған байланысты, Тізілімді бұйрықпен белгіленген нысанда жариялау «Дербес деректер туралы» заңды және жеке өмірге қол сұғылмаушылықтың конституциялық құқығын (Конституцияның 18-бабының 1-тармағы) бұзу және теориялық тұрғыдан Тізілімге енгізілген тұлғалар үшін теріс салдарға әкеліп соғуы мүмкін.

2023 жылдың шілдесіндегі жағдай бойынша www.kgd.gov.kz сайтының бірде-бір бөлімінде Тізілімге сілтеме жоқ екенін атап өту маңызды, осыдан Тізілім әлі жарияланбаған деген қорытынды жасауға болады. Бұйрықтың ережелеріне сүйене отырып, алдағы уақытта Тізілім интернет-ресурстарда орналастырылады деп болжанып отыр. **Тізілімді жариялау және оны интернет-ресурстарға орналастыру елімізде шетелдік агенттер институтын құру жолындағы нақты қадам болмақ.**

45 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>

46 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016507>

47 <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14393078>

48 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032059#z11>

49 <https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/Z1300000094/19.04.2023>

50 <https://drfl.kz/ru/inostrannye-agenty>



Ұсыныстар

1

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-3-баптары «Жала жабу» және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-бабы «Қорлау» қылмыстық құқық бұзушылықтан толық жою, сондай-ақ жеке мүліктік емес құқықтарды (ар-намыс, абырой, бедел) қорғау туралы дауларды тек азаматтық сот ісін жүргізуде қарау.

2

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін 456-2-бапқа қатысты «Жалған мәліметтерді орналастыру, тарату» бабымен толықтырудан бас тарту.

3

Дербес деректерді қорғау жөніндегі тиісті заңнаманы, сондай-ақ мұндай тізілімді жүргізу мен есепке алудың кемсітушілік ережелерін ескере отырып, «шетел агенттерінің» тізілімін енгізу туралы шешімді қайта қарау.

4

Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» заңының желілер мен байланыс құралдарының жұмысын тоқтата тұрудың (бұғаттау) соттан тыс тәртібіне қатысты бөлігін қайта қарау.

5

Журналистерге аккредитациялар мен пресс-карталар алудың анық емес және алалау негіздерінен бас тарту, сондай-ақ бұрын алынған аккредитациялар мен пресс-карталарды жою.

6

Ақпаратты заңсыз мазмұнға жатқызудың анық емес негіздерінен бас тарту.

7

Қазақстан Республикасы «Онлайн-платформалар туралы» заңының уәкілетті органның профилактикалық бақылау жүргізуіне қатысты нормаларын ҚР ПҚ-да көрсетілген стандарттарға сәйкес келтіру.

8

Уәкілетті органның, сондай-ақ ҚР құқық қорғау және арнайы органдарының сұрау салуы бойынша онлайн-платформаларды пайдаланушылардың дербес деректерін беру мүмкіндігінің нақты заңнамалық базасын (негіздерін, сондай-ақ көлемін) қамтамасыз ету.

9

Сөз бен пікір еркіндігі құқығын жүзеге асырудағы жағдайды жақсартуға, оның ішінде қабылданған заңдар туралы хабардарлықты арттыруға және кәсіби қоғамдастықты заң шығару процесіне тартуға, сондай-ақ реформалар жүргізуге, демократиялық институттарды және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыру.

10

Қазақстан Республикасы «Масс-медиа туралы» заң жобасында журналистер қызметінің қауіпсіздігіне кепілдік беруге байланысты ережелер, сондай-ақ сөз еркіндігі басымдылығының халықаралық деңгейде мойындалған қағидаттары қамтылуға тиіс.

Бұл жарияланымды Еуропалық Одақ қаржыландырады. Оның мазмұнына тек «Еркіндік қанаты» ҚҚ мен IWPR жауапты және ол міндетті түрде Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ШОЛУ

Қазақстан Республикасындағы сөз және пікір еркіндігі құқығын құқықтық реттеу және құқық қолдану тәжірибесінің ерекшеліктері

«Цензурасыз Қазақстан» жобасы



kzuncensored.cabar.asia



[Кері байланыс формасы](#)

Қысқа кері байланыс формасын толтырып, зерттеуге баға беруіңізді сұраймыз. Біз үшін сіздің әсеріңіз бен баяндамамызға берген бағаңызды білу маңызды.